

Атырау қаласындағы "Ойлфилд Лоджистикс" акционерлік қоғамына "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнымен 1993 жылғы 23 сәуірдегі контрактыға сәйкес кәсіпшілік-геофизикалық және байқау-жарылыс жұмыстарын жүргізу

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1995 жылғы 18 қазан N 392-ө

1. Атырау қаласындағы "Ойлфилд Лоджистикс" акционерлік қоғамына " Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнымен 1993 жылғы 23 сәуірдегі контрактыға сәйкес кәсіпшілік-геофизикалық және байқау-жарылыс жұмыстарын жүргізу үшін Қазақстан Республикасына Түрікменстан Республикасынан саны 907 дана H448246 және H543128 кумулятивтік зарядтарын әкелуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан Түрікменстан Республикасына саны 8580 дана H429586 және P448220 кумулятивтік зарядтарын, Қазақстан Республикасынан Ресей Федерациясына-саны 12368 дана H304952, H24273, H24270, H334378 51 ВНІ11НМХ және ұзындығы 1000 фут H543012 тұтандырғыш бау әкетуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі "Ойлфилд Лоджистикс" акционерлік қоғамына өнеркәсіптік жарылғыш материалдардың көрсетілген санын белгіленген тәртіппен әкелуге және әкетуге лицензия берсін.

Премьер-министр